

**Байғанин аудандық мәслихатының
2017 жылғы 20 желтоқсандағы
№123 «2018-2020 жылдарға арналған
Қарауылкелді ауылдық округ
бюджетін бекіту туралы» шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодекстің 109-1-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 - бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы №123 «2018-2020 жылдарға арналған Қарауылкелді ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5800 санымен тіркелген, 2018 жылғы 17 қаңтарда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақтың 1) тармақшасында:

кірістер – «243 986,0» сандары «300 637,0» сандарымен ауыстырылсын, оның ішінде:

трансферттердің түсімдері – «213 654,0» сандары «270 305,0» сандарымен ауыстырылсын;

2) шығындар – «243 986,0» сандары «300 637,0» сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімдегі қосымшаға сәйкес редакцияда мазмұндалсын.

3. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.